

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті  
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК  
мәжілісінің  
№ 4 хаттамасы**

**Түркістан қаласы**

**09.06.2025 ж.**

**Қатысқандар:** кафедра менгерушісі, т.ғ.к., доцент м.а А.Жумадуллаева, академиялық комитет төрағасы, PhD доцент Қ.Базарбаев, академиялық кеңес мүшесі, PhD аға оқытушы М.Салғараев, АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева, докторант З.Сенгирбаева, білімгер Ү.Абдуалиев, хатшы PhD А.Оспанова және кафедра ОПҚ.

**Күн тәртібі:**

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау.
2. «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу.
3. АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну.

**Тындалды.**

**АК төрағасы Қ.Базарбаев:** Сапаның сыртқы қамтамасыз етілу рәсімдерінің жоғары оку орындарындағы білім беру бағдарламалары сапасын арттырудагы стратегиялық маңызын атап өтті. Университеттің ішкі сапа менеджменті жүйесінен тыс жүзеге асырылатын бұл рәсімдер тәуелсіз аккредиттеу агенттіктері, соның ішінде аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі арқылы жүргізіледі. Сыртқы бағалау тетіктері оку үдерісінің сапасын тәуелсіз сарапшылар тараапынан жүйелі және объективті түрде талдауға мүмкіндік береді. Әрбір білім беру бағдарламасына қатысты құжаттамалар мазмұны мен құрылымына сәйкес нақты айқындалып, қолданыстағы стандарттарға сай рәсімделуі қажет. Төраға өз сөзінде сыртқы бағалау нәтижесінің тиімділігі мен толыққандылығы кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысуына тікелей байланысты екендігін ерекше атап өтті.

**АК мүшесі М.Салғараев:** Білім беру бағдарламаларының орындалу барысы, студенттердің оку жетістіктері, кәсіби тәжірибеден өту үдерісі және қосдипломды білім беру бағдарламалары аясында жүзеге асырылып жатқан интеграциялық мүмкіндіктер туралы ақпарат ұсынды.

Баяндамашы білім беру сапасын арттыру мақсатында келесі мәселелерге ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті:

- студенттердің жеке оқу траекторияларын жетілдіру және оларды практикалық дағдыларға бағыттау;
- оқытушылардың педагогикалық шеберлігін үздіксіз дамыту;
- білім алушылардың пікірін жүйелі түрде жинақтап, оларды оқу үдерісіне тиімді түрде енгізу.

Аталған бастамалар білім беру сапасын арттыруға бағытталған жүйелі және ұзақмерзімді шаралар ретінде бағаланды.

**М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева:** Білім беру үдерісін жетілдіру мәселелеріне тоқтала отырып, маман даярлаудың сапасы мен мазмұнына қатысты бірқатар өзекті тұстарды атап өтті. Атап айтқанда, білім беру бағдарламаларының мазмұнын еңбек нарығының сұранысына сәйкестендіру, түлектердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және оларды тәжірибелік дағдылармен қамтамасыз ету қажеттілігі ерекше назарға алынды. Сонымен қатар, жұмыс берушілер тарапынан ұсынылып отырган нақты бастамалар мен ұсыныстардың білім беру мазмұнын жаңартудағы маңыздылығы баса көрсетілді.

### Шешім:

1. Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында сыртқы қамтамасыз ету процедураларын кафедра деңгейінде тұрақты негізде ұйымдастыру жұмыстары жалғастырылсын.
  2. Сапаға жүргізілген сыртқы бағалау нәтижелері негізінде әр білім беру бағдарламасы бойынша нақты ұсыныстар әзірленіп, оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жоспарына енгізілсін.
- 2. «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу.**

**Кафедра менгерушісі, т.ғ.к., доцент м.а А.Жумадуллаева:** «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама нәтижелері білім беру мазмұнының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігін бағалауға, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін талдауға және бағдарламалардың практикалық бағыттылығын айқындауға мүмкіндік береді. Аталған көрсеткіштер негізінде кафедра тарапынан бағдарламаларды жаңғырту, оқу жоспарларын икемді ету және кәсіби құзыреттіліктерге бағытталған пәндерді енгізу жөнінде нақты ұсыныстар әзірленуде.

**АҒЗИ директоры К.Жетібаев:** «Атамекен» білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің қорытындысы бойынша сараптама жүргізу жоғары білім беру сапасын бағалаудағы маңызды құралдардың бірі болып табылатынын атап өтті. Оның айтуынша, рейтинг нәтижелері түлектердің еңбек нарығындағы сұранысын, жұмысқа орналасу деңгейін және білім беру бағдарламаларының

практикалық бағыттылығын жан-жақты саралауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда білім беру мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарымен сәйкестендіру қажеттілігі баса көрсетілді. Сонымен қатар, жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастықта жүргізілетін мұндай сараптамалар оку бағдарламаларын жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдауда маңызды негіз бола алады.

### **Шешім:**

1. «Атамекен» ҮКП рейтингінің қорытындылары негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын еңбек нарығы талаптарымен сәйкестендіру, оку жоспарларына кәсіби құзыреттіліктерге бағытталған пәндерді енгізу жоспарлансын.
2. Жұмыс берушілермен өзара әрекеттестікті күшейту мақсатында білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және жетілдіру бағытында жүйелі сараптама жүргізілсін.

### **3. АҚ жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну.**

**АҚ мүшесі М.Салғараев:** АҚ жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну мақсатында есептегі көрсеткіштерге талдау жүргізіп, атқарылған жұмыстардың сапасы мен тиімділігіне қатысты пікір білдірді. Сонымен қатар, алдағы кезеңде атқарылуы тиіс басым бағыттарды нақтыладап, есепті бекітуге ұсынуды мақұлдады.

**АҚ төрағасы Қ.Базарбаев:** Академиялық комитеттің жылдық қызметіне қатысты есепті талқыладап, ондағы негізгі көрсеткіштер мен жүзеге асырылған іс-шараларға сараптамалық баға берді. Есеп мазмұнында оку үдерісін ұйымдастыру, білім беру бағдарламаларын жаңарту, сапаны қамтамасыз ету механизмдері мен сыртқы бағалау нәтижелеріне негізделген ұсыныстар қамтылғаны атап өтілді. Осыған орай, есеп академиялық комитет мүшелері тарапынан қолдау тауып, бекітуге ұсынылды.

**Шешім:** Академиялық комитеттің 2024–2025 оку жылына арналған жылдық есебі макұлдансын және бекітуге ұсынылсын.

**АҚ төрағасы:**

**Қ. Базарбаев**

**Хатшы:**

**А. Оспанова**